

"Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жария сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Тобыл кенті әкімінің 2025 жылғы 15 қыркүйектегі № 4 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес Тобыл кентінің әкімі ШЕШТІ:

1. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдарының бөлімі" мемлекеттік мекемесі Бейімбет Майлин ауданы Тобыл кентінің аумағында орналасқан су бұру жүйесін қайта құру үшін жалпы ауданы 4,000 гектар жер учаскелеріне тұрақты жер пайдалану құқығындағы жария сервитуты белгіленсін.

2. "Тобыл кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімге қол қойылған күннен бастап бес күнтізбелік күні ішінде оны ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін оны қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберсін.

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің бақылау банкінің Эталонында ресми жарияланғаннан кейін "Тобыл кенті әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің интернет-ресурсында орналастырсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тобыл кентінің әкімі

А. Бердалинов